

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Зайнуллина Алтын Темирболатовна

Altusha1988jarkn@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Мәдениеттану»

мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Адаева Г.А.

Қазақстан қазір қоғамдық өмірдің барлық саласында батыл өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Біз үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттап, қарқынды өзгеріп тұратын қоғамда өмір сүріп отырмыз. Қазіргі кезде өркениетті елдерде мәдени тұтастанудың: “адам - отбасы - мәдени шағын топ – этномәдениет – үлкен өркениет - адамзат” жүйесі бар. Осыған тең келетін қазақ шежіресіне тән жүйе: «ата баласы – ру – тайпа – жүз – ұлт». Сондықтан да қоғамымыздың стратегиялық негізгі даму бағытын анықтау, ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпай, әлемдік қауымдастықпен бірігуге мүмкіндік беретін приоритет жүйесін құру өте маңызды [1].

Елбасымыз Н.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында және Қазақстан халқына жолдауында: “Біз жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керекпіз. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызбасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы, балаларының алдындағы, балаларының өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда – еліміз үшін алаңдамауға да болады.”- деп атап көрсетті [2].

Біздің қоғамның маңызды мәселелерінің бірі – отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, отбасылық-некелік өмірге жастарды даярлауды жетілдіру. Қазіргі таңда қай мемлекетті алсаңыз да отбасы мәселесі қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең маңызды орынды алады және түрлі ғылыми бағыттағы зертеушілердің назарын аударып отыр. Отбасы әлеуметтік-психологиялық топ бола тұра, оны ешқандай да әлеуметтік институт алмастыра алмайтын қоғамның негізгі әлеуметтік ұяшығы болып табылады. Отбасында адамның индивид ретінде әлеуметтенуі мен ұрпақтар этномәдениеті құндылықтарымен араластыру процесі жүзеге асырылады. Отбасында жеке тұлғаның құндылық пен дүниетанымдық көзқарасы және әлеуметтік-құқықтық бағдары қалыптасады. Отбасы тіршілік әрекеті әлеуметтік-мәдени шынайылықпен бірлесе отырып экономикада, саясатта, мәдениетте болып жатқан жағдайлармен тығыз байланыста. Отбасы мен қоғам, отбасы мен тұлғаның тарихи даму процесі барысында әрқашан бәрі өзгеріп отырды, ал отбасылық құндылықтар қоғамдық қатынастарды дамыту мен жетілдіруде, мемлекеттің қажеттіліктерін өтеуге бағытталып отырды [3]. Сондықтан адамның жетілуі, амандығы мен дамуы оның ішкі және сыртқы әлемінің бір-бірімен тығыз байланысы мен арақатынасына негізделген. Бастапқыда отбасы қоғамды қалыптастырудағы негізгі ұйым ретінде өмірлік құндылықтары, көзқарастары, қоғаммен арақатынастары бірдей адамдар тобы ретінде сипатталды. Отбасында құндылықтар мен мәдени бағдар фундаменті қаланады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей өскелең ұрпақтың қалыптасып жетілуіндегі жанұяның маңызы өте зор.

Отбасы – әрдайым даму мен өзгеру процесін бастан кешіріп отыратын күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс. Осы отбасы мен оның қиыншылықтары қазіргі таңда әлеуметтік және гуманитарлық бірқатар ғылымдардың зерттеу объектісіне айналды. Салауатты отбасы – өркениетті қоғамның талабы. Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әр отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан және балаға мәдени бағдар бере білуден басталмақ. Жан Жак Руссоның сөзімен айтқанда: «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады. Оның үстіне шимайды

калай салсаң, қағаз бетіне солай түседі», - отбасынан берілген тәрбиенің ұрпақ болашағын айқындайтыны осыған дәлел. Жас буынның тәрбиелі, саналы, мәдениетті қалыптасуында отбасының алар орны ерекше. Отбасындағы қазақы мәдениетті бойына жинаған жастар болашақта ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады. Қазақтың бүгінгі болашағы біздер болсақ, ал ертеңгі болашағы біздің ұрпақтарымыз[4]. Сондықтан ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келе жатқан құнды мәдени мұрамызды, отбасында жастарға насихаттап отыруымыз керек. Бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу ХХІ ғасыр жастарын, қазақтың мәдени салт дәстүрінің аясының кеңдігі қуантады. Сәбидің шыр етіп дүние есігін ашуымен басталатын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыздың өмір бойы жалғасатынын, жастар өз ата-аналарынан үйренеді. Қазақ даналығы «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген, отбасында көргенін жастар өз болашақтарында қолданады. Мәдениет адамның өмір әрекетінің мазмұны. Мәдениетті игеру – отбасылық жолмен берілетін болғандықтан ол үйрену арқылы іске асырылады. Осы орайда үйрену тәсілі және үйрету әдісі жүргізіледі. Кант адамгершілік істі тек еркін адам ғана жасай алуы мүмкін деген тұжырымын дәлелдейді. Канттың адамгершілік тұжырымдамасының мәні: адам-ең жоғарғы мәдени құндылық, сондықтан кез-келген экономикалық, идеологиялық, саяси және басқа да мақсаттағы кемсіту мен езіп-жаншу адамдыққа жатпайды.

Мәдениет қарқынды түрде қоршаған ортаны, қоғамды, адамзаттың өмір сүру салтын өзгеріске ұшырата алады, сондықтан да ол өмір сүрудің шығармашылық факторы ретінде және қоғамдық жаңа өзгерістердің шексіз қайнар көзі ретінде бағаланады. Осыдан мәдениеттің потенциалын, оның ішкі байлығын іздеп табуға және мүмкіндіктерін жүзеге асыруға деген құлшыныс туындайды. Адамдық мәдениет он мың жыл ішінде тас балтадан ғарышты игеру жолын өтті. Мәдениет ешқашан да бір орында тұрған емес: дүниеге келді, дамыды, бір аймақтан екінші бір аймаққа таралды, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып беріліп отырды; әр уақытта материалды және рухани өнімдермен толықтырылып отырады[5].

Ұлттар мен ұлыстардың өздеріне тән ұлттық мәдениеті ұлттың сезімімен, мінезімен, психологиясымен біте қайнасып кетеді. Соңғы ғасырда ішінара өзгерістерге ұшарағанымен, алайда егемендік алғалы бері ұлттық сана бой көтеріп, этномәдениетке рухани сұраныс күшеюде. Қазақ халқының тәрбие мектебінің құндылығы – қалыптасып келе жатқан өркениеттің өміршеңдігі: материя мен рухтың, өркениет пен мәдениеттің, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың бірлігіне, үйлесімділігіне негізделген мәдениеттанулық қасиетінде жатыр[6]. Біз үшін ұлттық тәрбиенің орны айшықталып келеді. Оған басты себептердің бірі қазіргі заманғы ұлттық-этникалық фактордың өсуінде жатыр. Ендігі жерде ұлттық тәрбие мәдениеттанулық тұрғыдан зерттеу объектісіне айналып, оның қандай әдістермен жүргізілетіндігі айқындалуы керек. Ұлттық тәрбие – адам қалыптастырудың жүйелі процесі. Тәрбие – адамның құндылықтар дүниесін қалыптастыру. Өмірлік құндылықтарға деген адамның қарым-қатынасы өміріне мән береді. Құндылықтарға толы мән-мағыналы өмір адамның бақыты. Адам өмірінің мәні мен мағынасын түсінудегі құндылықтар рөлі үлкен. Адамның құндылықтар жүйесі – адамзат мәдениетінің негізі. Құндылықтар адам өмірін шын мәнінде адамшылық қасиеттерге толтырады. Өмірдегі басты құндылық та – адам. Тәрбие құндылықтары – адамның жылдан-жылға жинап, байытып, өрбітіп келе жатқан іс-әрекетінің, тәжірибесінің, өткен жолының жемісі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратын қазына. Құндылықтарды таңдауға болады. Таңдаған құндылықтар негізінде тәрбие жүйесінің іргетасы да айқындалады. Құндылықтың құндылығы да осында, адамның адами қасиеттерін аша түседі, өмірін ізгілендіреді. Адам өлшеміндегі тәрбиенің басты құндылықтарының қатарына ізгілікке негізделген адамгершілік жатады.

Мәдениеттің қалыпты дамуы шығармашылығы кадрларды тұрақты түрде жасап шығару жағдайларында ғана мүмкін. Бұл мақсатта мәдениет пен өнер саласында көпдеңгейлі кәсіби білім беруді дамыту ойластырылған және мәдениет қызметкерлерін дайындау, қайта дайындау және кадрларды ротациялауда тұтас жүйені құру, менеджерлер мен әлеуметтік қызметкерлер сияқты, жаңа мамандықтар бойынша мамандар дайындау ісіне басымдылық керек. Кәсіби өнерді қолдаумен қатар, олар бүгін жан-жақты өрістеген және біздің

Отанымыздан тыс елдерде де үлкен табыстарға жеткен, халықтық, фольклорлық туындылар зор маңыздылыққа ие. Қазақ халқы рухани мәдениетінің даму динамикасы, қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты, қайшылықты және күрделі процесс болып көрініс табады. Қазақстан тұрғындарының көпэтникалық табиғаты, оның дамуының анық суреттемесін айқындауға мүмкіндік беретін, шектер мен өлшемдерді белгілеуде жүзеге асады. Қазақтардың рухани өмірі, қаншама ұлттық құндылықтар бүкіләлемдік, жалпыөркеніеттік дерек, құбылыс маңыздылығына ие болғанда немесе бола алатындығында, соншама оқиғалығында және қоғамдық көркейтілуінде өзін көрсетеді. Оларды қайтадан жаңғырту тек қазақтар үшін ғана өзіндік құндылық емес, ол Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттар мен этникалық топтардың рухани өзін білдіруінің алғышарты мен жағдайы, қазақстандық ұлт институционализациясының жүйе құрастырушы факторы болып табылады.

Қазіргі әлемде рухани өмірдің стереотиптенуінің жаһандық процестері жүзеге асуда, сондықтан этнос рухани мәдениеті әлемдік мәдениеттің кең мәтінінен тыс өмір сүре алмайды. Ұлттық мәдениеттің қайталанбайтындығы оның адамзаттың өркениеттік қозғалысынан бөлектенуін ұйғармайды.

Дегенмен жаһандану үдерісі біздің көп дәстүрлі мәдени құндылықтарымызды жойып жатыр, бірақ біз бұдан шет қала алмаймыз, өйткені бұл тоқтаусыз жүре беретін процесс. Біз жоғарыда атағандай бұл үрдісте, бір жағынан, ұлт өз мұрасын сақтап, өзінің тарихи субъект мәртебесінен айырылғысы келмесе, екінші жағынан, әр ұлт жаңаруға, басқадан үйренуге бейімді. Осы екі үрдісті ұштастыру оңай емес әрине. «Жапония рухы, Батыс технологиясы» («Японский дух, Западная технология») қағидасын жүзеге асырып, жапондықтар өз мәдениетін сақтап дамытуда. Бұл қағиданы басқа да Оңтүстік Азия мемлекеттері басшылыққа алуда. Бұлардың ұстанымы: «Ойың әр жақта, әрекетің дәл, нақты болсын («думай глобально, действуй локально»).

Осы мемлекеттер сынды біз де жаһандану процесіне сенімді интеграциялануымыз қажет. Біздің рухани мәдениетіміз бай, тамыры терең. Қайта сол батысқа, яғни еуропа мемлекеттеріне біздің мәдениетті сіңіріп жіберуіміз қажет. Әрине бұл негізде біз бірінші өзімізді танып алуымыз қажет, өзімізді танып алмай, өзгеге таныта алмаймыз. А. Панарин., А.Н. Чумаков сынды ресей ғалымдарының көбісі бұл жаһандану процесі ұлтты жойып жіберетін жойқын күш деген пікір білдіруде.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен, риясыз тазалығымен, зерделі мән-мазмұнымен, пайымдылығымен адамзат мәдениетімен ежелден сабақтас болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени сабақтастық өз дәстүрін осы күнге дейін жалғастыруға талпынып келеді. Рухани байлық әр кезде әр халықты ұлт ретінде сақтап қалатын және оны өзгелермен қатар өмір сүру құқығын дәлелдейтін императив [7].

Халқымыздың ертедегі дәстүрі бойынша әрбір қазақ өзінен бастап жеті атасына дейін жетік білуге міндетті еді. Ата-ана мұны баласының тілі шыққан соң үйретуі парыз саналып, отбасылық тәлім-тәрбиенің әліппесі, негізі болған. Тек ата-анадан жастай айырылған жетімдер мұндай тәлімнен құр қалған. «Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары», «Жеті атасын білмеген-жетесіздік» деп сондайларға қаратып айтылған. Әрбір қазақ жеті атасының өмір жолын білуі арқылы кем дегенде екі ғасырлық мағлұмат алады, ұрпақ жалғастығының ізі, сүрлеуі сақталады. «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді білер» дегеннің мәні – тамыры үзілмеген бауырластық, қандастық қасиетін айтқанында. «Жеті атаның» өз атаулары бар. Төменнен жоғары қарай – бала, әке, ата, баба, арғы ата, түп ата, тек ата деп аталады. Ал жоғарыдан төмен қарай – әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Ары қарай жүрежат, жекжат, жұрағат, қаймана деп кетеді. Қазақта туыстықтың шегі жоғарыдағы «жеті атамен» аяқталады. Мұның да өз жөн-жоралғылары бар. Жеті атаға толған соң, «жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық» деп жар салып, жеті жұрттың белгілі адамдарынан куәлікке арнап шақырылады. Құдайыға боз бие сойылып, қанына қолдарын малып, «араларымыз алыстамасын, бұрынғыдай тату-бірлікте болайық» деп баталасады. Ала жіп кесіледі. Ұраны мен таңбасы белгіленеді. Осылай «ендігі

жерде құдалыққа жол ашық» делінеді. Жалпы, қазақ салтында «жеті атаға» толмай тұрып құдандалы болу, ерлі-зайыпты болу тұқым бұзушылық, қан аздырушылық болып, қатаң жазаланған.

Қазақтың «жеті аталық» дәстүрін қазір ғылым да мойындады. Ғалымдар «оқымаған», «қараңғы», «надан» деп бір кездері айдар тағылған қазақтың ақылына, ой-өрісіне таңғалып отыр. Неге? Себебі, жеті атаға толып, сегізіншіге жеткенде ғана қан сәйкестігі жойылады екен.

Ж.Аймауытов «Ешбір халық өзінің тарихи тамырынан ұзап кете алмайды, жаман болсын, өзінің тарихымен бірге болады» десе, М.Жұмабаев «Әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиені сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп жазды. Қазақ халқының ұрпағы ретінде ұлттық мұралармен кеңінен танысу, оны өмірде қолдану қажет. Сол ұлттық құндылықтардың бірі – жеті атасын білу. Жеті атасын білу арғы-бергі тарихын, тегін білу, тамырынан ажырамау дегенді білдіреді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Утаева А.М., Мурзалиева А.Б. Отбасылық құндылықтар мен толық емес отбасындағы тәрбиенің қиындықтары.// Қазақстан ПҒА хабаршысы, №5, 2012 ж.
2. Назарбаев Н. “Қазақстан-2030” /http://prokurog.gov.kz
3. Қоңырбаева С.С. Жастарды отбасылық өмірге даярлаудағы этномәдени құндылықтар мәселесі.// Қазақстан ПҒА хабаршысы, №5, 2012 ж.
4. Сәрсенбекова Г.А., Қазақ мәдениеті өлшемінің негізі – ұлттық тәрбие// Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлер мен инновациялар: ғылыми мақалалар жинағы – Алматы, 2007. – 260б.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. Алматы «Санат», 1995
6. Мурғабеева А.С. Қазақтың рухани болмысы// Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлер мен инновациялар: ғылыми мақалалар жинағы – Алматы, 2007ж. – 260б.
7. Орынбеков М. Основы исследования казахской духовности// ҚазМУ Хабаршысы. Философия сериясы. – 1997. – № 4. – 50-58 б.

УДК 82-31:821.512.154

КОНЦЕПТ ВРЕМЕНИ В ТВОРЧЕСТВЕ ЧИНГИЗА АЙТМАТОВА (НА ПРИМЕРЕ РОМАНА «И ДОЛЬШЕ ВЕКА ДЛИТСЯ ДЕНЬ»)

Испандиярова Майра Мадияровна

maira.i.79@mail.ru

магистрант 2 курса факультета социальных наук, специальности

Философия ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Толгамбаева Д.Т.

Время – это особая философская категория. Несмотря на философичность этого концепта, очень многие философы обращаются к анализу пространственно-временных отношений через художественную литературу, как наиболее массовое средство философского воздействия на человека. В литературе оно часто оказывается не похожим на реальное время. Так, писатель может «сжимать» время, ограничиваясь короткой фразой, например: «Прошло три года», а может «останавливать» мгновение, подробно описывая вспышку молнии или полет стрелы. Очень часто художественное время помогает лучше понять замысел автора и лучше уяснить смысл произведения. У Ч. Айтматова образ времени – важнейший элемент его художественно-философской концепции [1, с.52].

Каждый раз произведения Чингиза Торекуловича Айтматова застают врасплох, повергают в сомнения и растерянность читателя и критика яркой публицистичностью,